Бекітемін
Мектеп директоры А.Ахметова

Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау талаптарын сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы No 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы.

Озат school жеке мектебінің 2024-25 оқу жылының ата-аналармен жұмыс жоспары

Р/с	Ата-аналар жиналысының тақырыбы	Күні	Жауапты
1	«МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ»	07.10.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
2	«ОҚУШЫЛАРҒА ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫ»	20.12.2024	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
3	«САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ ҰРПАҚ КЕПІЛІ»	12.03.2025	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
4	«ӘР ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ – ОРТАҚ МАҚСАТ»	20.05.2025	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар

2024-2025 оқу жылы бойынша ата-анамен жүргізілген жұмыс есебі

2024–2025 оқу жылында білім беру ұйымында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара ынтымақтастықты нығайтуға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға және ата-аналардың білім бер процесіне қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар атқарылды.

Ата-аналармен байланыс орнату жұмыстары білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарына және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілді. Сынып жетекшілері ата-аналармен тұрақты қарым-қатынас жасап, білім алушылардың оқу жетістіктері, сабаққа қатысуы, тәртібі және қоғамдық іс-шараларға қатысуы жөнінде ақпарат беріп отырды.

Оқу жылы ішінде ата-аналар жиналыстары жоспарлы түрде өткізілді. Жиналыстарда білім алушылардың білім сапасы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысу көрсеткіштері, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ ата-аналардың оқу-тәрбие процесіндегі жауапкершілігі туралы мәселелер талқыланды.

Ата-аналарға білім беру ұйымының ішкі тәртіп талаптары түсіндіріліп, білім алушылардың сабаққа уақытылы қатысуы, мектеп формасын сақтау, қоғамдық орындардағы және білім беру ұйымындағы тәртіп нормаларын орындау мәселелеріне назар аударылды.

Сонымен қатар, ата-аналармен жеке бағыттағы жұмыстар да

ұйымдастырылды. Оқу үлгерімінде, сабаққа қатысуында немесе тәртібінде қиындықтары байқалған білім алушылардың ата-аналарымен жеке әңгімелесулер жүргізіліп, қалыптасқан жағдайды шешу бойынша ұсыныстар берілді. Қажетті жағдайларда педагог-психолог, және пән мұғалімдері ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізді.

Ата-аналардың білім беру ұйымымен кері байланысын қамтамасыз ету мақсатында олардың сұрақтары, ұсыныстары және өтініштері қарастырылып, тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Білім беру қызметтерін көрсету мәселесіне де тиісті көңіл бөлінді. 2024–2025 оқу жылында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың жасалуы ұйымдастырылып, олардың болуы және тиісті түрде сақталуы бақылауда болды.

Шарттардың жүргізілуіне жауапты тұлғалар тарапынан олардың толықтығы мен сақталуына бақылау жасалып, білім алушылар бойынша шарттардың тізімі қалыптастырылды.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың орындалуы ата-аналар жиналыстарының хаттамалары, қатысу парақтары, жеке әңгімелесу материалдары, ата-аналармен жұмыс жоспары және басқа да тиісті құжаттар арқылы рәсімделді.

Жүргізілген жұмыстың негізгі бағыттары:

ата-аналармен жоспарлы кездесулер мен жиналыстар ұйымдастыру;
білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ата-аналарды хабардар ету;
сабаққа қатысу және тәртіп мәселелері бойынша бірлескен жұмыс жүргізу;
білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
ата-аналарға білім беру ұйымының ішкі тәртіп талаптарын жеткізу;
балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен оқуындағы қиындықтарға байланысты ата-аналармен жеке жұмыс жасау;
ата-аналардың ұсыныстары мен өтініштерін қарастыру;
білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттарды рәсімдеу және сақтау жұмыстарын бақылау.

Қорытынды

2024–2025 оқу жылында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілді. Ата-аналар оқу-тәрбие процесіне тартылып, білім алушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәртібі және қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпараттандырылды.

АНЫҚТАМА
«МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ» АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналарды мектеп өмірімен жақынырақ таныстыру және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік жасау мақсатында мектебімізде «Мектеп пен ата-ана – бала болашағының қос қанаты» тақырыбында ата-аналарға арналған «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – ата-аналар мен мектеп ұжымы арасындағы өзара байланысты арттыру, оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасау, олардың жан-жақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру.

Іс-шара барысында ата-аналар:

- Балаларының сабақтарына қатысып, оқу үдерісімен танысты;
- Мектептегі спорттық, шығармашылық және техникалық үйірмелердің жұмысын көрді;
- Жасанды интеллект технологиялары қолданылатын жаңа форматтағы сабақтарға қатысып, заманауи білім беру әдістерімен танысты;
- Мектептің оқу-тәрбие бағытындағы жұмыстарымен танысып, педагогтермен пікір алмасты;
- Мектеп әкімшілігіне өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты әрі тұшымды жауаптар алды.

Ашық есік күні аясында ата-аналарға балалардың сабақтан тыс уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғынжайдан тыс жерде жүрген кезде олардың қайда және кіммен жүргенін бақылау, мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау мәселелері түсіндірілді. Сонымен қатар балалардың әлеуметтік желілердегі іс-әрекеттерін қадағалау, интернет қауіпсіздігіне назар аудару және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ұсыныстар берілді.

Кездесу барысында ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары тыңдалып, оларды толғандырған мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп пен отбасының өзара сенімі мен бірлескен әрекеті баланың білімді, тәрбиелі, жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні атап өтілді.

Қорытынды: Ата-аналарға арналған «Ашық есік күні» мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ата-аналардың мектеп өміріне араласуын арттыруға және оқу-тәрбие үдерісіндегі өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта да ата-аналармен байланысты жүйелі түрде жалғастырып, оқушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына бірлесе жағдай жасау қажеттігі белгіленді.

АНЫҚТАМА
«ОҚУШЫЛАРҒА ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

2024–2025 оқу жылында сыныптарда оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылу жағдайын зерделеу мақсатында мектепішілік бақылау жүргізілді.

Бақылау барысында бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы, сабақтардың жүргізілуі, оқу бағдарламаларының орындалуы, оқушылардың дәптерлерінің тексерілуі, күнделікті сабаққа қатысуы және тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы қарастырылды.

Зерделеу нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлап, оқу мақсаттарына сай жұмыс жүргізіп отырғаны анықталды.

Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар оқушылардың оқу сауаттылығын, жазу дағдыларын, математикалық есептеу қабілеттерін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілуде. Оқушылардың жазба жұмыстары мен дәптерлерін тексеру арқылы олардың сауатты жазуына және тапсырмаларды дұрыс орындауына назар аударылады.

Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында қосымша тапсырмалар беріледі. Ата-аналармен байланыс орнатылып, оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі бақылауда ұсталады.

Қорытынды: Бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Алдағы уақытта білім сапасын арттыру, оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру және жеке қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмысты күшейту ұсынылады.

АНЫҚТАМА
«САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ ҰРПАҚ КЕПІЛІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Мектебімізде оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, білім сапасын арттыру, жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Оқушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасының қорытындысы;
- Оқу бағдарламасының орындалу барысы;
- Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығын дамыту;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауы;
- Біліміндегі олқылықтарды жою және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстар;
- Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік пен жауапкершілікті қалыптастыру;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері қарастырылды. Мұғалімдерге оқушылардың жеке қабілеттері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімге деген қызығушылығын арттыру, сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану және біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтап, түзету жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

Оқушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуында мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы маңызды екені атап өтілді. Осы бағытта ата-аналармен байланысты нығайтып, оқушының жеке дамуына қолайлы орта қалыптастыру қажеттігі талқыланды.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру, оқушылардың тәртібі мен жауапкершілігін қалыптастыру және ата-аналармен бірлескен жұмысты жандандыру жөнінде ұсыныстар берілді. Сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мектеп ұжымының басты міндеті екені атап көрсетілді.

АНЫҚТАМА
«ӘР ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ – ОРТАҚ МАҚСАТ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Мектебімізде оқушылардың білім сапасын арттыру, әр баланың жеке қабілеті мен мүмкіндігін дамыту, оқу үлгерімін жақсарту және білім алушылардың жетістікке жетуіне жағдай жасау мақсатында мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Оқушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері;
- Білім алушылардың жеке қабілеттері мен дарындылығын дамыту;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыстар;
- Дарынды оқушыларды анықтау және олимпиадаларға, байқауларға дайындау;
- Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығын арттыру;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы мен оқу тәртібін бақылау;
- Оқушылардың жетістіктерін бағалау және ынталандыру;
- Ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында әр оқушының білім алу мүмкіндігін ескеру, жеке қабілеттерін ашу және оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарды дер кезінде анықтау мәселелері қарастырылды. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, біліміндегі олқылықтарды толықтыру және қосымша сабақтар ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар білімге құштар, ізденімпаз және шығармашыл оқушыларды қолдау, олардың пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, түрлі байқаулар мен мектепішілік іс-шараларға қатысуына жағдай жасау мәселелері талқыланды. Әр оқушының жетістігін бағалап, оның өз күшіне деген сенімін арттырудың маңыздылығы атап өтілді.

Оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, оқушылармен жеке жұмыс жүргізуі және ата-аналармен тығыз байланыс орнатуы қажеттігі айтылды. Әр баланың жетістігіне қолдау көрсету арқылы оның білімге деген қызығушылығын арттыру және тұлғалық дамуына ықпал ету ұсынылды.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде оқушылардың білім сапасын арттыру, жеке қабілеттерін дамыту, үлгерімі төмен оқушыларға қолдау көрсету және дарынды балалардың жетістіктерін ынталандыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру туралы ұсыныстар берілді. Әр оқушының жетістігі – мұғалімнің, ата-ананың және мектеп ұжымының ортақ еңбегінің нәтижесі екені атап өтілді.




